

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы әкімінің 2024 жылғы 19 қарашадағы № 280 шешімі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Құрық ауылдарының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрық ауылы жерінен жалпы көлемі 42,0 гектар жер участкесі "Маңғыстау облысының жолушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесіне "МАӘК" су алғышынан Құрық теңіз портына дейінгі автомобиль жолын реконструкциялау (II кезек). Тұзету" үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құрық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

С.Есенкелдіұлы

Шешімге қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізімі

№	Жер участкелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Құрық ауылдарының жері	42,0
1	К.Есенгельдина (131970011959)	18,0
Барлығы:		60,0